

Мәслихаттың 2011 жылғы 09 маусымдағы № 366 "2011 жылға, ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2011 жылғы 31 тамызда № 396 шешімі. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 6 қыркүйекте № 9-18-142 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі Заңының 7 бабы 3 тармағы 4) тармақшасына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 753 қаулысына сәйкес аудандық
м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. "2011 жылға, ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" мәслихаттың 2011 жылғы 09 маусымдағы № 366 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-18-140 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 21 шілдеде "Шамшырақ" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2011 жылға, ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

"

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ ы р ы қ ү ш і н ш і ,
к е з е к т е н т ы с

сессиясының төрайымы

Т. Дергач

А у д а н д ы қ

мәслихаттың хатшысы

С. Жолдыбаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Таран ауданы әкімдігінің
ауыл шаруашылығы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ А. Оспанов

"Таран ауданы әкімдігінің
экономика және қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
бастығының міндетін атқарушы

_____ С. Круподерова